

«СТУДЕНТ-ЗЕРТТЕУШІ» БІЛІКТІЛІГІН БЕРУ БОЙЫНША КОНКУРСТЫҢ ШАРТТАРЫ

1-15 наурыз аралығында университетте жыл сайын "Студент-зерттеуші" біліктілігін беру бойынша конкурс өткізіледі.

Байқауға GPA үлгерімінің орташа балы-3,5 және одан жоғары 2, 3, 4 курс студенттері қатыса алады.

Конкурсқа қатысатын студенттер "Студент-зерттеуші" біліктілігін беру бойынша арнайы әзірленген ақпараттық сауалнаманы толтыруы тиіс, онда балдық жүйе бойынша алынған балдар саны бойынша студенттердің ғылыми белсенділігінің сандық және сапалық көрсеткіштері бағаланады.

Гуманитарлық, педагогикалық және экономикалық мамандықтар бойынша оқитын студенттерге кемінде 70 балл, техникалық мамандықтар бойынша кемінде 80 балл жинау қажет. Бұл ретте студенттердің СҒЗЖ әртүрлі түрлеріне қатысуы сауалнаманың 5 тармағынан кем болмауы тиіс.

Студенттерге сауалнама факультеттерде/институтта жүргізіледі. Сауалнама қорытындысы бойынша институт директоры / факультет декандары сәйкесінше кемінде 70 немесе 80 балл жинаған "Студент-зерттеуші" біліктілігін беруге ұсынылған студенттер мен сауалнама қорытындылары туралы факультет/институт Кеңесі отырысының көшірмесінен үзінді ғылыми-зерттеу қызметі бөліміне ұсынады.

Қажетті балл санын жинаған және "Студент-зерттеуші" біліктілігін алуға үміткер студенттер ғылыми-зерттеу қызметі бөліміне (Сулейменов к-сі, 7, ауд. 109) барлық жиналған балдар бойынша растайтын құжаттарын баспа және электрондық түрде ұсынады:

- толтырылған сауалнама;
- институт директорының/факультет деканының қолы мен мөрі қойылған ғылыми жетістіктер туралы сипаттама;
- транскрипт;
- дипломдардың көшірмелері, мақалалардың бедерлері (оттиски), конференциялар бағдарламалары және т. б. (сауалнама тармақтарының кезектілігіне сәйкес тігіледі);
- жеке куәліктің көшірмесі;
- 3x4 форматта 2 фотосурет.

Барлық басып шығарылған құжаттар қағаз байланыстырғышқа (скоросшиватель) тігіледі.

"Студент-зерттеуші" біліктілігін беру бойынша қолда бар үміткерлер үшін ғылыми-зерттеу қызметі бөлімі университеттің Ғылыми кеңесіне ұсыныс дайындайды, ол түпкілікті шешім шығарады. Университеттің Ғылыми Кеңесінің "Студент-зерттеуші" біліктілігін беру туралы оң шешімі негізінде бөлім "Студент-зерттеуші" біліктілігін беру туралы бұйрық шығарады және куәліктер дайындайды.

"Студент-зерттеуші" біліктілігін және тиісті куәлікті алған студенттердің мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқу үшін магистратураға түсу кезінде басым құқығы болады. "Студент-зерттеуші" біліктілігін алған студенттер бір реттік сыйлыққа ие бола алады.